

Абай ауданы әкімиятының кейбір қаулыларына әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгертулер енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Абай ауданы әкімиятының 2004 жылғы 6 қаңтардағы N 01/03 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 19 қаңтарда N 1383 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының әкімдігінің 2025 жылғы 4 сәуірдегі № 19/06 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының әкімдігінің 04.04.2025 № 19/06 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 21 маусымдағы "Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" Заңына, "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" 1999 жылғы 5 сәуірдегі N 365-І Заңы және "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 заң күші бар жарлығына сәйкес және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабын басшылыққа алып Абай ауданының әкімияты қаулы етеді:

1. Абай ауданы әкімиятының 2003 жылғы 14 сәуірдегі "Бөгде адамның көмегіне мұқтаж, 1, 2 топтағы жалғыз басты мүгедектерге жәрдем көрсетушінің мемлекеттік әлеуметтік жәрдем ақысына қосымша үстеме ақы тағайындау Қағидасын бекіту туралы" N 04/21 қаулысына өзгертулер енгізілсін (Қарағанды облысы Абай ауданы әкімиятының 2003 жылғы 14 сәуірдегі N 04/21 қаулысы Қарағанды облысының әділет басқармасында 2003 жылғы 16 мамырда N 1184 тіркелді, 2003 жылдың 31 мамыры N 21 (3463) аудандық "Абай ақиқат" газетінде жарияланды):

1) N 1 қосымшада "Бөгде адамның көмегіне мұқтаж, 1, 2 топтағы жалғыз басты мүгедектерге жәрдем көрсетушінің мемлекеттік әлеуметтік жәрдем ақысына қосымша үстеме ақы тағайындау Қағидасы" 3 тараудың 2 тармағының 2 тармақшасы - келесі редакцияда мазмұндалсын: "Абай ауданының банк бөлімшелерінде жеке есеп шот нөмері көрсетілген өтініші"

2) N 1 қосымшада "Бөгде адамның көмегіне мұқтаж, 1, 2 топтағы жалғыз басты мүгедектерге жәрдем көрсетушінің мемлекеттік әлеуметтік жәрдем ақысына қосымша үстеме ақы тағайындау Қағидасы" 3 тараудың 2 тармағының 4 тармақшасы алынып тасталсын.

2. Абай ауданы әкімиятының 2003 жылғы 14 сәуірдегі "Ауданның кейбір санаттағы тұрғындарына әлеуметтік көмек көрсету қағидалары туралы" N 04/22 қаулысына өзгертулер енгізілсін (Қарағанды облысы Абай ауданы әкімиятының 2003 жылғы 14 сәуірдегі N 04/22 қаулысы) Қарағанды облысы әділет Басқармасында 2003 жылдың 19 мамырда N 1196 тіркелді, 2003 жылдың 7 маусымы N 22 (3464) аудандық "Абай ақиқат" газетінде жарияланды):

1) N 2 қосымшадағы "Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне, қатысушыларына және теңестірілген тұлғаларға берілетін әлеуметтік қолдау көрсету қағидасы" 2 тараудың 4 тармағының 4 тармақшасы - келесі редакцияда мазмұндалсын: "Ұлы Отан соғысының қатысушылары және соларға теңестірілген адамдарға үшін Ұлы Отан соғысына қатысқанның куәлігі".

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ш.Қ. Тәнкебаевқа жүктелсін.

Абай ауданының әкімі

А. Әбдіханов

Келісілді *Ш.Қ. Тәнкебаев*

Н.В. Сергеева

Қ.О. Мүслімова